

"Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 362 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 желтоқсанда № 2927 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 10 наурызыдағы № 40 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 10.03.2020 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің мына қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 121 "Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэrozольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияны беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2459 болып тіркелген, 2014 жылы 3 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 ақпандағы № 26 "Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу

"туралы" қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2645 болып тіркелген, 2015 жылы 4 сәуірде "Маңғыстау" газетінде жарияланған) бекітілген Маңғыстау облысы әкімдігінің кейір қаулыларына енгізілетін толықтырулар мен өзгерістердің 1-тармағы.

3. "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б. Ерсайынұлы) осы қаулының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Эміржановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Айдарбаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау

комитетінің Маңғыстау облысы

тұтынушылардың құқықтарын қорғау

департаменті" республикалық

мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. Қадыр

25 қараша 2015 жыл.

"Маңғыстау облысының ауыл

шаруашылығы басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б. Ерсайынұлы

25 қараша 2015 жыл.

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2015 жылғы 25 қарашадағы

№ 362 қаулысымен

бекітілген

**"Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау),  
пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы  
химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға  
байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет регламенті**

**Ескерту. Регламент жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 05.08.2019 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. "Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтін" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.license.kz](http://www.license.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия (әрі қарай - лицензия) немесе Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 шілдедегі № 15-02/655 "Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 12091 болып тіркелген), "Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэrozольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10 тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны – электрондық.

## **2 тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдерді (іс-қимылдарды) бастау үшін негіздеме болып көрсетіletтін қызметті алушының (не оның өкілінің) Стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуы табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетіletтін қызметті берушінің кеңсесінің маманы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ) құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады – 15 (он бес) минут;

2) көрсетіletтін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетіletтін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды – 1 (бір) сағат;

3) көрсетіletтін қызметті берушінің жауапты орындаушысы:

лицензияны және лицензияға қосымшаны беру кезінде – ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және көрсетіletтін қызметті алушының біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді, лицензияны және лицензияға қосымшаны рәсімдейді немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды – 9 (тоғыз) жұмыс күні;

лицензияны қайта рәсімдеу кезінде – келіп түскен құжаттарды тексереді, лицензияны қайта рәсімдейді немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды – 2 (екі) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқасын беру кезінде – келіп түскен құжаттарды тексереді, лицензияның телнұсқасын немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды – 1 (бір) жұмыс күні;

4) көрсетіletтін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды – 1 (бір) сағат.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдердің (іс-қимылдардың) нәтижесі:

- 1) құжаттарды тіркеу;
- 2) жауапты орындаушыны анықтау;
- 3) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін рәсімдеу;
- 4) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қою.

### **3 тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысы.

8. Әрбір ресімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы ресімдердің (іс - қимылдардың) реттілігін сипаттау;

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің маманы құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы жаупты орындаушыны анықтайды – 1 (бір) сағат;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысы:

лицензияны және лицензияға қосымшаны беру кезінде – лицензияны және лицензияға қосымшаны ресімдейді немесе бас тарту туралы дәлелді жаупты дайындайды – 9 (тоғыз) жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде – лицензияны қайта ресімдейді немесе бас тарту туралы дәлелді жаупты дайындайды – 2 (екі) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқасын беру кезінде – лицензияның телнұсқасын немесе бас тарту туралы дәлелді жаупты дайындайды – 1 (бір) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды – 1 (бір) сағат.

### **4 тарау. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылы тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алышының жүргіну тәртібін және көрсетілетін қызметті берушінің ресімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті алышы жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі - ЖСН), бизнес-сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – БСН) және парольдің (

порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін іске асырылады) көмегімен порталға тіркелуді жүзеге асырады;

2) 1 - процесс – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталда көрсетілетін қызметті алушының ЖСН немесе БСН және паролін (авторландыру процесі) енгізу;

3) 1 - шарт – порталда ЖСН немесе БСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

4) 2 - процесс – көрсетілетін қызметті алушының деректерінде кемшіліктердің болуына байланысты порталда авторландырудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

5) 3 - процесс – көрсетілетін қызметті алушының "Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде (әрі қарай - Регламент) көрсетілген мемлекеттік қызметті таңдауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін сұраныстың нысанын экранға шығару және оның құрылымы мен үлгілік талаптарын ескеріп, көрсетілетін қызметті алушының нысанды толтыруы, сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды қоса беруі, сонымен қатар сұранысты куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

6) 2 - шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және кері қайтарылған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығы, сондай – ак сұраныста көрсетілген ЖСН немесе БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН немесе БСН арасында сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін тексеру;

7) 4 - процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалығы расталмауына байланысты сұратылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

8) 5-процесс – ЭҮТШ қызметке төлем жасау, содан кейін ақпарат "Е-лицензиялау" МДБ АЖ келіп түседі немесе түбіртекті электрондық (сканерленген) түрде бекіту;

9) 3 - шарт – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ - де қызметті көрсету үшін ақы төлеу дерегін тексеру;

10) 6-процесс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет көрсету үшін төлемнің болмауына байланысты, сұратылған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

11) 7 – процесс – көрсетілетін қызметті берушімен сұрау салуды өндеу үшін, ЭҮТШ арқылы "электрондық үкіметтің" автоматтандырылған жұмыс орнында

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатын (көрсетілетін қызметті алушының сұрауын) жолдау;

12) 8 - процесс – көрсетілетін қызметті берушінің регламенттің 5 тармағында көзделген рәсімдері (іс-қимылдары);

13) 9 - процесс – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алуы.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс - қимылды диаграммасы осы регламенттің 1 қосымшасында көлтірілген.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс – қимылдарының реттілігінің толық сипаттамасы, осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.


Ескерту: аббревиатуралардың ажыратылып жазылуы:

ЭҮТШ – "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

"Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 қосымша

## Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс - қимылды диаграммасы




Ескерту: аббревиатуралардың ажыратылып жазылуы:

"Е-лицензиялау" МДБ АЖ - "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасының ақпараттық жүйесі;

ЭҮТШ – "Электрондық ұқіметтің" төлем шлюзі.

"Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 2 қосымша

**"Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэrozольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



**Шартты белгілер:**



- Мемлекеттік қызметтің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (іс-қимылтының) атауы;



- таңдалған нұсқа;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) кешу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК